

БӨЛІМ: ПСИХОЛОГИЯ

Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға психологиялық көмек көрсету

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.03.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/150888/

Умарходжаева Мухаббат Шералиевна

Психолог

Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға психологиялық көмек көрсету

Психология-адам жанын зерттейтін ғылым. Бала алғаш балалар ауылына келген кезде, ана-тәрбиешімен балалармен, танысады, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игереді. Ана-тәрбиеші мен психологтардың балалар мен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауындағы басты мақсаты – баланы өзі туралы айтуға, өзінің сезімі, ойы, әдеті туралы әңгімелесуге, оны ой елегінен өткізіп баға бере білуге, тек өзіне ғана емес, жанындағы адамдарға да көңіл аударып, оларды өзіндік табиғи болмысымен қабылдап, ізгі ниет ықылас таныта білуге, эмоционалдық көңіл-күй мен мінез-құлықты ұғына білуге үйретуден басталады. Педагог және психолог маманы ретінде, білім беру саласын басқаратын барлық деңгейдегі органдардың шешімін басшылыққа ала отыра, психологиялық қызметтің жүйелі, нәтижелі болуына үлес қосу өте маңызды деп есептеймін.

Балалар ауылындағы психологиялық қызыметтің мақсаты: жаңадан келген баланың психикалық толыққанды дамуы мен олардың жеке ерекшеліктеріне сәйкестендіріп, жеке тұлғалық дамуы мен әлеуметтенуін қамтамасыздандыру. Балалар ауылының әр тәрбиеленушісінің жан-жақты дамып, қоғамда еркін бейімделе алатын әлеуметтенген тұлға тәрбиелеудің психологиялық аспектілерін іске асыру.

Міндеттері:

- Баланың толыққанды психикалық дамуына мүмкіндік жасау;
- Тәрбиеленуші балардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;
- Жасөспірімдердің отбасындағы қарым-қатынасын, отбасылық іс-әрекетке деген бейімділігін қалыптастыру;

4. Ана-тәрбиешілерге психологиялық көмек көрсету;
5. Девиантты және деликвентті мінез-құлық пен профилактикасын жасау.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар психологиялық дамудың, эмоционалды және әлеуметтік қорғаудың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік бермейтін ерекше экстремалды жағдайдағы балалар санатына жатады. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға деген көзқарас білім беру жүйесінде әрқашан екіұшты болды. Кейбіреулерде бұл балалар аяушылық пен жанашырлық сезімін тудырады, ал басқалары жетім балалар оларға ерекше қаттылық пен жоғары талапты қажет етеді деп санайды. Шынында да, бұл ерекше балалар, кездейсоқ психологиялық жарақаттан аман қалғандар. Сондықтан балалардың осы санатымен жұмыс мекеменің әртүрлі мамандарының: әлеуметтік педагогтың, директордың тәрбие жөніндегі орынбасарының, ана-тәрбиешісінің, педагог-психологтың және мекеме әкімшілігінің қатысуымен өте мұқият құрылуы керек.

Жетім балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау аясында белгілі бір жеке ерекшеліктерді ескеру қажет. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларда жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды институты ретінде отбасы жоқ, ал әлеуметтендіру агенттерінің нақты құрамы мекеме қызметкерлері мен тәрбиеленушілерінің санымен шектеледі, бұл оқшаулануға, сенімсіздікке, әлеуметтенудегі қиындықтарға әкелуі мүмкін. Эмоционалды жылулық пен әлеуметтік қажеттіліктерге қанағаттанбаған балаға психологиялық жағдай жасау өте қиын. Жас, жетім балалар әлеуметтенудің ерекше әдісімен сипатталады.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың психологиялық қорғалуын қалыптастырудың мазмұны мен шарттарын анықтаудың өзекті мәселесі әр түрлі әлеуметтік жағдайларда, жеке тұлғаның өмір сүру және даму шарттары ретінде даму психологиясында өте өзекті болып табылады. Теориялық дамудың жеткіліксіздігі және практикалық мәселелерді шешудің қамтамасыз етілмеуі осы санаттағы балаларға қолдау көрсету және көмек көрсету саласы үшін ғылыми зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Балалар ауылының тәрбиеленушілеріне психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшелігі –оқу мотивациясын арттыруға, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі тануды одан әрі дамытудың және кәсібилендіру процесінің негізгі факторы ретінде дамытуға бағытталған іс-шаралар үнемі өткізіледі.

Мұндай іс-шаралардың негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- тұлғаның оң әлеуметтік бағытын дамыту;
- позитивті өзіндік тұжырымдаманы дамыту;

- мақсаттарды дұрыс қою және ерікті саланы дамыту арқылы өмірдің өзін-өзі анықтауы;
- балалардың білімді, іскерлікті және тиімді мінез-құлық дағдыларын меңгеруі;
- ұлдар мен қыздарды неке және отбасылық қатынастар туралы білімнің негіздерімен, отбасын құру қажеттілігімен, некеге тұруға дайындығымен, отбасылық қатынастарды дұрыс құра білуімен және балаларды тәрбиелеумен қаруландыру .

Бұл іс-шараларды белгілі бір жағдайлар болған кезде ғана жүзеге асыруға болады, атап айтқанда:

- білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі;
- оқу штатын құзыретті психологиялық-педагогикалық кадрлармен жасақтау;
- зертханаларда немесе шеберханаларда практикалық сабақтар өткізу үшін қазіргі заманғы материалдық-техникалық базаның болуы, бұл білім алушыларға еңбек жағдайлары мен ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді;
- кәсіп алуға оң көзқарасты қалыптастыру;
- жарыстарда немесе конкурстарда алған кәсіби дағдыларын көрсету мүмкіндігі.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шеңберінде білім алушыларды әлеуметтік өзара іс-қимыл мен тыныс-тіршілікке, тьюторлыққа белсенді қосу, өзекті қиындықтарды шешуге жан-жақты жәрдемдесу олардың әлеуметтік бейімделуіне және тұлғалық дамуына ықпал етеді, бұл болашақта табысқа жетуге ықпал етеді.